

№ 97/24
от «29» 01.2024 г.

УТВЕРЖДЕНА
решением Правления
АО «СПК «Алматы»
от «28» 12 2023 г.
протокол № 62



Дата вступления в силу
с «28» 12 2023 г.

ПОЛИТИКА
противодействия мошенничеству
в АО «СПК «Алматы»

Владелец	Служба безопасности
Разработчик	Служба безопасности
Ответственный за хранение экземпляра	Департамент стратегии и корпоративного развития
Место хранения подлинника на бумажном и электронном носителе	База ВНД
Ответственный за мониторинг и актуализацию	Служба безопасности
Сведения о ВНД, утрачивающих силу в связи с принятием нового	Отсутствуют
Протокол разногласий	Отсутствует
Количество приложений и страниц	Без приложений, страниц 7

г. Алматы, 2023 год

Содержание

Глава 1. Общие положения	3
Глава 2. Термины и определения	3
Глава 3. Цели и задачи противодействия мошенничеству	3
Глава 4. Основные принципы борьбы с мошенничеством	4
Глава 5. Классификация мошеннических действий	4
Глава 6. Предупреждение мошеннических действий	4
Глава 7. Меры по профилактике и противодействию мошенничеству	6
Глава 8. Ответственность за совершение мошенничества	7
Глава 9. Заключительные положения	7

Глава 1. Общие положения

1. Политика противодействия мошенничеству в АО «СПК «Алматы» (далее – Политика) разработана в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, Уголовным кодексом Республики Казахстан, внутренними нормативными документами АО «СПК «Алматы» (далее – Общество).

2. Настоящая Политика является внутренним нормативным документом Общества, регламентирующим основные принципы, подходы и требования к организации противодействия мошенничеству, определяет управленческие и организационные основы предупреждения мошенничества и борьбы с ними, минимизации и (или) ликвидации последствий уголовно-наказуемых деяний.

3. Положения настоящей Политики являются обязательными для исполнения и соблюдения всеми работниками Общества.

Глава 2. Термины и определения

4. В Политике используются следующие термины и определения:

1) **Мошенничество** – хищение чужого имущества или приобретение права на чужое имущество путем обмана или злоупотребления доверием;

2) **Противодействие мошенничеству** - деятельность, направленная на выявление, устранение либо предупреждение причин, порождающих условия или способствующих мошенничеству и оказания содействия в пресечении мошенничества;

3) **Контрагент** - физическое или юридическое лицо, с которым Обществом заключено либо планируется заключить определенное соглашение (договор, меморандум).

Глава 3. Цели и задачи противодействия мошенничеству

5. Целью настоящей Политики является разработка и осуществление разносторонних и последовательных мер по предупреждению и пресечению мошеннических действий в Обществе.

6. Основными задачами реализации настоящей Политики являются:

1) вовлечение всех работников Общества в осуществление мероприятий по противодействию мошенничеству, формирование в коллективе атмосферы, способствующей этическому ведению бизнеса и создание нетерпимого отношения к проявлению мошенничества;

2) формирование правовой культуры работников Общества, обеспечивающей принципы честности и прозрачности при исполнении должностных обязанностей путем:

создания у работников Общества и Контрагентов единообразного понимания о неприятии мошеннических действий в любых формах и проявлениях;

минимизации риска вовлечения Общества, его работников, независимо от занимаемой должности, сроков работы, статуса и иных взаимоотношений с Обществом в мошенническую деятельность, устранение факторов, приводящих к мошенничеству;

3) предупреждение мошеннических действий при заключении договоров с Контрагентами путем проведения проверочных мероприятий при совершении договорных отношений, направленных на снижение вероятности внешнего мошенничества.

Глава 4. Основные принципы борьбы с мошенничеством

7. Противодействие мошенничеству осуществляется на основе следующих принципов:

- 1) законности;
- 2) приоритета защиты прав и законных интересов физических и юридических лиц;
- 3) восстановления нарушенных прав и законных интересов физических и юридических лиц, ликвидации и предупреждения вредных последствий мошенничества;
- 4) комплексное использование управленческих, организационных, информационных, социально-экономических, правовых, специальных и иных мер;
- 5) приоритетного применения мер предупреждения мошенничества.

Глава 5. Классификация мошеннических действий

8. В своей деятельности Общество может сталкиваться с видами мошеннических действий, которые можно разделить на внутренние и внешние.

Внутреннее мошенничество – умышленные действия/бездействия работников Общества в целях получения неправомерной или незаконной выгоды, путем обмана и злоупотребления доверием.

Внешнее мошенничество – действия со стороны Контрагентов, не состоящих с Обществом в трудовых отношениях, в отношении Общества с целью получения материальной выгоды путем обмана и злоупотребления доверием.

Глава 6. Предупреждение мошеннических действий

9. При осуществлении мер в рамках настоящей Политики Общество принимает во внимание, что мошенничество, обусловлено факторами, находящимися как в рамках деятельности самого Общества, так и за его пределами.

Факторы, влияющие на возможности возникновения мошенничества, включают, но не ограничиваются следующими видами:

финансовое давление (наличие долгов и т.д.);
 давление пороков и пагубных пристрастий (лудомания и т.д.);
 прочие виды давления внешних обстоятельств;
 отсутствие должного контроля со стороны руководителей;
 отсутствие знания о последствиях мошенничества для Общества,
 виновных лиц и необратимости ответственности за совершение мошеннических
 действий.

10. Применительно к работникам Общества мошенническими действиями являются получение денег и других материальных ценностей за совершение действия (бездействия), которое он фактически не может осуществить из-за отсутствия служебных полномочий или невозможности использовать свое служебное положение.

11. К таким действиям относятся:

- 1) содействие при приеме на работу, продвижении по карьере и прочее в отношении работников Общества;
- 2) лоббирование и содействие в одобрении сделки в отношении Контрагентов;
- 3) оценка залогового обеспечения по завышенной стоимости;
- 4) искажение информации о финансовом состоянии Контрагента;
- 5) сокрытие негативной информации о Контрагенте или работнике Общества;
- 6) прочие противоправные действия, которые противоречат интересам Общества.

12. В целях предотвращения либо выявления мошеннических фактов в Обществе со стороны работников Общества при исполнении ими должностных обязанностей следует:

избегать любых действий, которые в соответствии с настоящей Политикой могут быть рассмотрены как действия, приводящие к мошенничеству;

сообщать о любых фактах и подозрениях в осуществлении работниками Общества, Контрагентами действий по мошенничеству руководителю структурного подразделения/курирующему руководителю Общества, а также в Службу безопасности Общества;

исполнять требования настоящей Политики и иных внутренних нормативных документов Общества.

13. В рамках своей компетенции каждый работник Общества должен понимать:

- 1) требования при оценке общего уровня риска у Контрагента и идентификации Контрагента;
- 2) в какой деятельности Общества возникают основные риски, связанные с мошенничеством, какая деятельность Общества является наиболее уязвимой для таких рисков;
- 3) ответственность за совершение мошеннических действий.

Глава 7. Меры по профилактике и противодействию мошенничеству

14. Общество сотрудничает в области управления риском мошенничества с уполномоченными государственными органами, работниками и Контрагентами в целях:

1) обеспечения предупреждения, выявления, пресечения и раскрытия мошенничества;

2) установления лиц, подозреваемых в совершении мошенничества, их местонахождения, а также местонахождения других лиц, причастных к указанному противоправному деянию;

3) выявления имущества, полученного в результате совершения мошенничества или являющегося средством его совершения;

4) обмена информацией по вопросам противодействия мошенничеству.

15. Профилактика мошенничества в Обществе осуществляется путем применения следующих основных мер, но не ограничивается ими:

1) анализ, оценка ранее имевших место аналогичных правонарушений, их возможного повторения;

2) обучение и воспитание нетерпимости к мошенничеству;

3) предостережение совершения деяний, предусмотренных уголовным законодательством Республики Казахстан в области мошенничества с использованием имеющегося внутреннего коммуникативного ресурса;

4) обеспечение прозрачности и открытости в работе интернет-ресурса Общества в рамках доступности в получении информации;

5) внедрение механизма обратной связи на интернет-сайте Общества (специального электронного почтового ящика, телефона доверия) для сообщений о признаках совершения мошенничества в Обществе;

6) проверка всех принимаемых на работу в Общество лиц в безусловном порядке Службой безопасности Общества;

7) доведение содержания настоящей Политики Службой безопасности до сведения работников при приёме на работу в Общество;

8) проверка правильности выполнения обязанностей работниками Общества с помощью «тайного покупателя»;

9) проведение служебного расследования, а также привлечение к ответственности виновных лиц;

10) ликвидация последствий совершенного мошенничества;

11) мониторинг законодательной базы и ее правоприменения с целью оперативного приведения в соответствие требований внутренних нормативных документов Общества изменяющимся требованиям законодательства Республики Казахстан в области противодействия мошенничеству.

Глава 8. Ответственность за совершение мошенничества

16. За совершение противоправного деяния, связанного с мошенничеством, работники Общества, а также Контрагенты несут ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

17. При подтверждении фактов мошенничества, в рамках произведенного служебного расследования к работникам Общества, допустившим нарушение, будут незамедлительно приняты одна или несколько нижеуказанных мер:

дисциплинарное взыскание в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан;

направление материалов в правоохранительные органы, с целью привлечения виновных лиц к уголовной или иной ответственности, предусмотренной законодательством Республики Казахстан.

Глава 9. Заключительные положения

18. Настоящая Политика пересматривается в случае изменений в законодательстве Республики Казахстан.

19. Настоящая Политика, а также все изменения и дополнения к ней, вступают в силу с момента их утверждения Правлением Общества.

№ _____
от «___» _____

БЕКІТІЛГЕН

«___» _____ 2023 ж.

«Алматы» ӘКК» АҚ

**Басқармасының шешімімен
протокол № _____**

**Қолданысқа енгізілген күні
с «___» _____ 2023ж.**

**«Алматы» ӘКК» АҚ-дағы
алаяқтыққа қарсы іс-қимыл
САЯСАТЫ**

Иесі	Қауіпсіздік қызметі
Әзірлеуші	Қауіпсіздік қызметі
Дананы сақтауға жауапты	Стратегия және корпоративтік даму департаменті
Түпнұсқаны қағаз және электрондық жеткізгіште сақтау орны	ІНҚ базасы
Мониторинг пен өзектендіруге жауапты	Қауіпсіздік қызметі
Жаңа құжаттың қабылдануына байланысты күші жойылатын ІНҚ туралы мәліметтер	Жоқ
Келіспеушіліктер хаттамасы	Жоқ
Қосымшалар мен беттер саны	Қосымшаларсыз, 7 бет

Алматы қ., 2023 жыл

Мазмұны

1-Тарау. Жалпы ережелер.....	3
2-Тарау. Терминдер мен анықтамалар	3
3-Тарау. Алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың мақсаттары мен міндеттері	3-4
4-Тарау. Алаяқтықпен күрестің негізгі қағидаттары	4
5-Тарау. Алаяқтық әрекеттердің жіктелуі.....	4
6-Тарау. Алаяқтық әрекеттердің алдын алу.....	4-5
7-Тарау. Алаяқтықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шаралары..	5-6
8-тарау. Алаяқтық жасағаны үшін жауапкершілік	6
9-Тарау. Қорытынды ережелер	7

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. «Алматы» ӘКК» АҚ-дағы Алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне және «Алматы» ӘКК» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді..

2. Осы Саясат Қоғамның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және алаяқтыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын, тәсілдері мен талаптарын регламенттейді, алаяқтықтың алдын алу және онымен күресудің басқарушылық әрі ұйымдастырушылық негіздерін, сондай-ақ қылмыстық жазаланатын әрекеттердің салдарын барынша азайту және (немесе) жою шараларын айқындайды.

3. Саясаттың ережелері Қоғамның барлық жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады.

2-Тарау. Терминдер мен анықтамалар

4. Саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) **Алаяқтық** – алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру не бөтеннің мүлкіне құқықты иемдену;

2) **Алаяқтыққа қарсы іс-қимыл** – алаяқтықтың туындауына жағдай жасайтын себептерді анықтауға, жоюға немесе алдын алуға, сондай-ақ алаяқтықтың жолын кесуге жәрдем көрсетуге бағытталған қызмет;

3) **Контрагент** - Қоғаммен белгілі бір келісім (шарт, меморандум) жасасқан немесе жасасуды жоспарлап отырған жеке немесе заңды тұлға.

3-Тарау. Алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың мақсаттары мен міндеттері

5. Осы Саясаттың мақсаты Қоғамдағы алаяқтық әрекеттердің алдын алу және жолын кесу бойынша жан-жақты әрі жүйелі шараларды әзірлеу және іске асыру болып табылады.

6. Осы Саясатты іске асырудың негізгі міндеттері:

1) Қоғамның барлық жұмыскерлерін алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шараларға тарту, ұжымда бизнесті этикалық жүргізуге ықпал ететін ахуалды қалыптастыру және алаяқтықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік мәдениетін орнықтыру;

2) Қоғам жұмыскерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде адалдық пен ашықтық қағидаттарын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетін қалыптастыру арқылы:

Қоғам жұмыскерлері мен Контрагенттер арасында алаяқтық әрекеттердің кез келген нысандары мен көріністерін қабылдамау туралы бірыңғай түсінік қалыптастыру;

Қоғамның, оның жұмыскерлерінің атқаратын лауазымына, жұмыс

өтіліне, мәртебесіне және Қоғаммен өзге де қатынастарына қарамастан, алаяқтық қызметке тартылу тәуекелін азайту, сондай-ақ алаяқтыққа әкелетін факторларды жою;

контрагенттермен шарттар жасасу кезінде сыртқы алаяқтық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған тексеру іс-шараларын жүргізу арқылы алаяқтық әрекеттердің алдын алу.

4-тарау. Алаяқтықпен күрестің негізгі қағидаттары

7. Алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- 1) заңдылық;
- 2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың басымдығы;
- 3) жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, алаяқтықтың зиянды салдарын жою және алдын алу;
- 4) басқарушылық, ұйымдастырушылық, ақпараттық, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, арнайы және өзге де шараларды кешенді пайдалану;
- 5) алаяқтықтың алдын алу шараларын басым түрде қолдану.

5-тарау. Алаяқтық әрекеттердің жіктелуі

8. Қоғам өз қызметінде ішкі және сыртқы болып бөлінетін алаяқтық әрекеттердің түрлеріне тап болуы мүмкін.

Ішкі алаяқтық – Қоғам жұмыскерлерінің алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы заңсыз немесе негізсіз пайда табу мақсатында жасайтын қасақана әрекеттері (әрекетсіздігі).

Сыртқы алаяқтық – Қоғаммен еңбек қатынастарында тұрмайтын Контрагенттердің алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы материалдық пайда алу мақсатында Қоғамға қатысты жасайтын әрекеттері.

6-тарау. Алаяқтық әрекеттердің алдын алу

9. Осы Саясат шеңберіндегі шараларды іске асыру кезінде Қоғам алаяқтықтың туындауына Қоғам қызметінің ішінде де, одан тыс жерлерде де орын алатын факторлар әсер ететінін назарға алады.

Алаяқтықтың туындау мүмкіндігіне әсер ететін факторларға мыналар жатады, алайда олармен шектелмейді:

- қаржылық қысым (берешектердің болуы және т.б.);
- зиянды әдеттер мен тәуелділіктердің ықпалы (лудомания және т.б.);
- сыртқы жағдайлардың өзге де қысым көрсету факторлары;
- басшылар тарапынан тиісті бақылаудың болмауы;
- алаяқтықтың Қоғам үшін, кінәлі тұлғалар үшін салдары және алаяқтық әрекеттер жасағаны үшін жауапкершіліктің бұлтартпастығы туралы білімнің

жеткіліксіздігі.

10. Қоғам жұмыскерлеріне қатысты алаяқтық әрекеттер деп қызметтік өкілеттіктерінің болмауына немесе өзінің қызметтік жағдайын пайдалану мүмкін еместігіне қарамастан, белгілі бір әрекетті (әрекетсіздікті) жасағаны үшін ақша немесе өзге де материалдық құндылықтарды алу түсініледі.

11. Мұндай әрекеттерге мыналар жатады:

1) Қоғам жұмыскерлерін жұмысқа қабылдауға, мансаптық өсуіне және өзге де мәселелерге жәрдемдесу;

2) контрагенттерге қатысты мәмілені мақұлдауға ықпал ету және колдау көрсету;

3) кепілдік қамтамасыз етуді негізсіз жоғары құнмен бағалау;

4) контрагенттің қаржылық жағдайы туралы ақпаратты бұрмалау;

5) контрагент немесе Қоғам жұмыскері туралы жағымсыз ақпаратты жасыру;

6) Қоғам мүдделеріне қайшы келетін өзге де құқыққа қарсы әрекеттер.

12. Қоғам жұмыскерлері алаяқтық фактілерінің алдын алу немесе анықтау мақсатында өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында міндетті:

– осы Саясатқа сәйкес алаяқтыққа әкелуі мүмкін деп бағаланатын кез келген әрекеттерден аулақ болуға;

– Қоғам жұмыскерлері немесе Контрагенттер тарапынан алаяқтық әрекеттердің жасалғаны немесе жасалуы мүмкін екендігі туралы кез келген фактілер мен күдіктер жөнінде құрылымдық бөлімшенің басшысына, жетекшілік ететін басшыға, сондай-ақ Қоғамның Қауіпсіздік қызметіне хабарлауға;

– осы Саясаттың және Қоғамның өзге де ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға.

13. Қоғамның әрбір жұмыскері өз құзыреті шегінде:

1) контрагенттің жалпы тәуекел деңгейін бағалау және оны сәйкестендіру жөніндегі талаптарды;

2) Қоғам қызметінің қай бағыттарында алаяқтыққа байланысты негізгі тәуекелдер туындайтынын және қандай қызмет түрлері мұндай тәуекелдерге барынша осал екенін;

3) алаяқтық әрекеттер жасағаны үшін жауапкершілікті түсінуге тиіс.

7-тарау. Алаяқтықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шаралары

14. Қоғам алаяқтық тәуекелдерін басқару саласында уәкілетті мемлекеттік органдармен, жұмыскерлермен және Контрагенттермен мынадай мақсаттарда ынтымақтастық жасайды:

1) алаяқтықтың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді және ашуды қамтамасыз ету;

2) алаяқтық жасады деп күдік келтірілген тұлғаларды, олардың орналасқан жерін, сондай-ақ аталған құқыққа қарсы әрекетке қатысы бар өзге тұлғаларды анықтау;

3) алаяқтық нәтижесінде алынған немесе оны жасау құралы болған мүлікті анықтау;

4) алаяқтыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпарат алмасу.

15. Қоғамда алаяқтықтың алдын алу мынадай негізгі шараларды қолдану арқылы бірақ олармен шектелмей жүзеге асырылады:

1) бұрын орын алған ұқсас құқық бұзушылықтарды, олардың қайталану ықтималдығын талдау және бағалау;

2) алаяқтыққа төзбеушілік мәдениетін оқыту және тәрбиелеу арқылы қалыптастыру;

3) қолда бар ішкі коммуникациялық ресурстарды пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасында көзделген алаяқтыққа байланысты құқық бұзушылықтардың алдын алу;

4) ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету шеңберінде Қоғамның интернет-ресурсының ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;

5) Қоғамда алаяқтық белгілері туралы хабарламаларды қабылдау үшін Қоғамның интернет-сайтында кері байланыс тетігін (арнайы электрондық пошта жәшігі, сенім телефоны) енгізу;

6) Қоғамға жұмысқа қабылданатын барлық тұлғаларды міндетті түрде Қоғамның Қауіпсіздік қызметімен тексеру;

7) Қауіпсіздік қызметінің осы Саясаттың мазмұнын Қоғамға жұмысқа қабылдау кезінде жұмыскерлерге жеткізуі;

8) «құпия сатып алушы» әдісі арқылы Қоғам жұмыскерлерінің міндеттерін орындау сапасын тексеру;

9) қызметтік тергеп-тексеру жүргізу және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту;

10) жасалған алаяқтықтың салдарын жою;

11) Қазақстан Республикасының алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының өзгерістеріне сәйкес Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын жедел түрде сәйкестендіру мақсатында заңнаманы және оны қолдану тәжірибесін мониторингтеу.

8-тарау. Алаяқтық жасағаны үшін жауапкершілік

16. Алаяқтыққа байланысты құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны үшін Қоғам жұмыскерлері мен Контрагенттер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

17. Қызметтік тергеп-тексеру нәтижесінде алаяқтық фактілері расталған жағдайда, бұзушылыққа жол берген Қоғам жұмыскерлеріне қатысты төменде көрсетілген шаралардың біреуі немесе бірнешеуі дереу қолданылады:

– Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес тәртіптік жаза қолдану;

– кінәлі тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қылмыстық немесе өзге де жауаптылыққа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына жолдау.

9-тарау. Қорытынды ережелер

18. Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілген жағдайда қайта қаралады.

19. Осы Саясат, сондай-ақ оған енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Қоғам Басқармасы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді.